

Алматы облысының 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 26-128 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 27 желтоқсанда № 4452 болып тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 348 038 841 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:

салықтық түсімдер 40 310 099 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 2 627 761 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 30 500 мың теңге;

трансферттер түсімдері 305 070 481 мың теңге;

2) шығындар 344 053 065 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 9 404 945 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 12 428 294 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 3 023 349 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 7 066 707 мың теңге, оның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу 7 066 707 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 12 485 876 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану 12 485 876 мың теңге.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша түсімдер Қарасай ауданы бойынша 50%, Қапшағай қаласы бойынша 65% және Талдықорған

қаласы бойынша 100% мөлшерінде аудандық және қалалық бюджетке түсетіні, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 25.07.2018 № 34-173 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша түсімдер Қарасай ауданының аудандық бюджетіне 30% мөлшерінде түсетіні, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 20.02.2018 № 27-136 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануға төленетін ақы", "Орман пайдалануға төленетін ақы" және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін ақы" кодтары бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

5. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте Іле ауданы бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемі 92 600 397 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 5 тармаққа өзгеріс енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері 85 504 580 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

А қ с у	а у д а н ы н а	4	0 4 1	1 0 0	мың	теңге;
Алакөл ауданына		4 590 900			мың	теңге;
Балқаш ауданына		3 395 100			мың	теңге;
Еңбекшіқазақ ауданына		8 950 230			мың	теңге;
Ескелді ауданына		3 970 840			мың	теңге;
Жамбыл ауданына		6 486 820			мың	теңге;
Қаратал ауданына		3 502 840			мың	теңге;
Кербұлақ ауданына		4 732 760			мың	теңге;
Көксу ауданына		3 480 080			мың	теңге;
Панфилов ауданына		5 771 120			мың	теңге;
Райымбек ауданына		6 290 145			мың	теңге;
Сарқан ауданына		3 769 790			мың	теңге;
Талғар ауданына		6 556 350			мың	теңге;
Ұйғыр ауданына		3 963 280			мың	теңге;
Қапшағай қаласына		2 771 400			мың	теңге;
Талдықорған қаласына		11 344 835			мың	теңге;
Текелі қаласына		1 586 990			мың	теңге.

7. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 24 566 714 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беруге 8 946 015 мың теңге;

денсаулық сақтауға 3 872 813 мың теңге;

әлеуметтік көмекке 3 112 409 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге 775 427 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үсемақы мөлшерлерін ұлғайтуға 62 263 мың теңге;

мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға 607 190 мың теңге;

көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға 2 399 149 мың теңге;

инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге 3 574 370 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға 9 246 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 11 896 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға 1 195 936.

Ескерту. 7 тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 30 464 355 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салуға 4 572 421 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салуға 1 965 668 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға 4 055 409 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға 1 247 362 мың теңге;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 5 042 054 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға 2 391 430 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға 9 717 098 мың теңге;

индустриялық инфрақұрылымды дамытуға 1 472 913 мың теңге.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 156 003 745 мың теңге сомасында субвенция түсімдері көзделсін.

10. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 6 901 641 мың теңге сомасында қарыздар түсімдері көзделсін.

Ескерту. 10 тармаққа өзгеріс енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 25.07.2018 № 34-173 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

10-1. Алматы облысы бойынша 2018 жылға 3 387 647 мың теңге сомасында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару мақұлдансын.

Ескерту. 10-1 тармаққа өзгеріс енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 25.07.2018 № 34-173 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін;

оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне;

облыс әкімі гранттарын төлеуге;

атаулы күндерге біржолғы көмекке;

туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастарға әлеуметтік пакет беруге;

жеке көмекшілердің қызметін төлеуге;

мамандарды әлеуметтік қолдау көрсету шараларын іске асыруға;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

бруцеллезбен ауыратын санитарлық союға жіберілетін ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ мүйізді малдың) құнын (50 % дейін) өтеуге;

жерге орналастыру жұмыстарына;

еңбек нарығын дамытуға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға;

жұмыспен нәтижелі қамтуды қамтамасыз етуге және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

12. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға;

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

13. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредиттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

ішкі қарыздар есебінен тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға;

жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін

Көрсетілген кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

14. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте қоршаған ортаны қорғау және объектілерді дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізуге 592 228 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 14 тармаққа өзгеріс енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

15. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға 17 626 236 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 15 тармаққа өзгеріс енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылға арналған резерві 493 135 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 16 тармаққа өзгеріс енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

17. 2018 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2018 жылға арналған аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерді атқару процесінде осы шешімнің 5-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

18. Аудан мен қала әкімдері облыс бюджетінің салықтар мен төлемдер бойынша болжамды көрсеткіштерінің толық және сапалы орындалуын, шаруашылық субъектілердің барлық деңгейдегі бюджетке берешегін азайтуды және қосымша кіріс көздерін табуды қамтамасыз етсін.

19. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

20. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыстық мәслихатының сессия төрағасы

Р. Ибраимова

Алматы облыстық мәслихатының хатшысы

С. Дүйсембінов

Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы "15
" желтоқсандағы "Алматы облысының 2018-2020
жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" №
26-128 шешіміне 1-қосымша

Алматы облысының 2018 жылға арналған облыстық бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 13.11.2018 № 37-203 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сынып	Атауы		
	Ішкі сынып		
		I. Кірістер	348 038 841
1		Салықтық түсімдер	40 310 099
	01	Табыс салығы	18 367 710
	2	Жеке табыс салығы	18 367 710
	03	Әлеуметтік салық	20 388 388
	1	Әлеуметтік салық	20 388 388
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	1 554 001

	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 554 001
2		Салықтық емес түсімдер	2 627 761
	01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	136 317
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	99 582
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	600
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	36 135
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 425 844
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 425 844
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	65 600
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	65 600
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	30 500
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	30 500
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	30 500
4		Трансферттердің түсімдері	305 070 481
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	94 035 667
	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	94 035 667
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	211 034 814

Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
Кіші функция			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. Шығындар	344 053 065
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 801 163
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	4 121 396
	110	Облыс мәслихатының аппараты	72 830
		001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	70 547
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 283

	120	Облыс әкімінің аппараты	3 813 258
	001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 376 873
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	515 317
	007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	633 047
	009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	32 368
	013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	201 798
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	53 855
	282	Облыстың тексеру комиссиясы	235 308
	001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	233 124
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 184
2		Қаржылық қызмет	2 792 649
	257	Облыстың қаржы басқармасы	2 756 244
	001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	141 963
	009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	11 952
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 552
	028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	2 600 777
	718	Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы	36 405
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 405
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	576 675
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	576 675
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	234 869
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20 503
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	321 303
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	310 443
	269	Облыстың дін істері басқармасы	310 443
	001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 958
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 146
	004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	30 629
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	215 710
02		Қорғаныс	1 101 522
1		Әскери мұқтаждар	181 294

	120	Облыс әкімінің аппараты	181 294
	010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	53 350
	011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	127 944
2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	920 228
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	93 997
	036	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	93 997
	287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	826 231
	002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	239 099
	004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	393 101
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	194 031
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	16 696 838
	1	Құқық қорғау қызметі	16 696 838
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	12 123 549
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 601 402
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	5 000
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 416 455
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	100 692
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 573 289
	003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	3 175 608
	067	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 397 681
04		Білім беру	77 344 494
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	21 842 545
	261	Облыстың білім басқармасы	11 737 916
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 322 240
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 571 759
	053	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 038
	055	Балаларға қосымша білім беру	16 864

	056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	262 545
	071	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8 173 946
	072	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	389 524
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	7 715 691
	079	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	7 697 291
	086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	18 400
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 388 938
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 748 683
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	640 255
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	9 595 497
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	443 007
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	443 007
	261	Облыстың білім басқармасы	9 152 490
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	9 152 490
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	1 430 584
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	201 467
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	201 467
	261	Облыстың білім басқармасы	1 229 117
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 229 117
6		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	76 279
	261	Облыстың білім басқармасы	76 279
	057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	76 279

9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	44 399 589
	120	Облыс әкімінің аппараты	37 900
	068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	37 900
	261	Облыстың білім басқармасы	44 361 689
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	129 672
	004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	51 012
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	80 939
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	222 368
	011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	207 291
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	413 614
	029	Әдістемелік жұмыс	244 494
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	841 070
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	42 171 229
05		Денсаулық сақтау	15 421 727
	2	Халықтың денсаулығын қорғау	5 664 224
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	740 819
	006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	242 575
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	138 834
	041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	359 410
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 923 405
	026	Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	600 136
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 323 269
	3	Мамандандырылған медициналық көмек	3 932 776
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 932 776
	027	Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	3 932 776
	4	Емханалар	345 798
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	345 798

		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	345 798
5			Медициналық көмектің басқа түрлері	40 746
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	40 746
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	40 746
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	5 438 183
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 438 183
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	99 495
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	172 203
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	9 171
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	443 516
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	4 776
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	4 709 022
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	13 531 849
1			Әлеуметтік қамсыздандыру	6 110 021
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	5 471 014
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	611 238
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 474 974
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	251 947
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	451 732
		049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 525 677
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	155 446
	261		Облыстың білім басқармасы	624 289

	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	544 833
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	79 456
271		Облыстың құрылыс басқармасы	14 718
	039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	14 718
2		Әлеуметтік көмек	796 642
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	796 642
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	796 642
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	6 625 186
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 524 188
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	104 379
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 525
	017	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15 712
	018	Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	32 443
	019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	5 337
	037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 289 409
	044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	4 950
	045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	496 152
	053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	46 200
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	610 920
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 917 161
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	26 780
	077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	26 780
268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 590
	045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру	4 590

		сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	
	270	Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	69 628
	001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	69 628
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 517 936
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	10 923 085
	251	Облыстың жер қатынастары басқармасы	607 190
	011	Аудандардың (республикалық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға берілетін нысаналы трансферттер	607 190
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	10 302 770
	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 199 604
	027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	7 103 166
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	13 125
	026	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	13 125
2		Коммуналдық шаруашылық	11 594 851
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	94 167
	030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	94 167
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	11 500 684
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	198 137
	004	Елді мекендерді газдандыру	469 408
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 123
	010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	5 963 457
	030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 639 364
	032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	25 195
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	200 000
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	17 961 317
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	5 724 279

	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 654 788
	016	Мәдениет объектілерін дамыту	1 654 788
	273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	4 069 491
	005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	614 412
	007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 071 542
	008	Театр және музыка өнерін қолдау	2 383 537
2		Спорт	7 723 706
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 423 205
	017	Спорт объектілерін дамыту	1 423 205
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	6 300 501
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 092
	002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	219 898
	003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	5 814 456
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	190
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	209 865
3		Ақпараттық кеңістік	2 289 704
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 692 434
	007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 692 434
	264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	175 126
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55 943
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	100 266
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	710
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	18 207
	273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	422 144
	009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	143 786
	010	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	278 358
4		Туризм	807 514
	284	Облыстың туризм басқармасы	807 514

		001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 071
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 390
		004	Туристік қызметті реттеу	650 346
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	113 707
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 416 114
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	330 939
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	282 873
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	110
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	47 956
	273		Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	492 294
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және мұрағат ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 546
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	431 748
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	592 881
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	43 108
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	465 713
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	84 060
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	18 799 355
	1		Отын және энергетика	5 358 080
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 358 080
		011	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 850 242
		050	Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	2 057 410
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	450 428
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	13 441 275
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	13 441 275
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	13 441 275
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	33 992 832
	1		Ауыл шаруашылығы	30 090 964

	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	26 170 808
	001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	144 068
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	1 385 406
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	8 824
	014	Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	564 500
	016	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз ету	135 000
	020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	3 080 000
	021	Малды қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауыл шаруашылығы малын соятын алаңдарды, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) ұстау және жөндеу	12 784
	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	197 904
	041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	565 500
	045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	51 160
	046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	7 806
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	1 608 597
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	3 574 370
	053	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	12 899 386
	054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	9 246
	055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	11 896
	056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	1 195 936
	057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	232 952
	060	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	49 331

		061	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау	14 800
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	158 824
		071	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке оқыту	121 292
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	141 226
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 223 229
		020	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	1 223 229
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	2 696 927
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	51 032
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	228
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	13 660
